

**"Қазақстан Республикасының  
қылмыстық құқығы –Жалпы бөлімі"  
пәні бойынша ХҚФ, Халықаралық  
құқық бөлімінің  
2 курс бакалавриаттарына  
арналған қорытынды  
емтихан бағдарламасы  
Оқытушы – Апенев С.М.**

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ  
БАҚЫЛАУ**

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында жазбаша. Емтихан жауаптарын балама түрде белгіленген оқытушы тексереді.

Билеттерді Универ жүйесі арқылы деканның Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жасайды.

**" Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы –Жалпы бөлімі "** пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсы мұқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- қылмыстық құқықтың практикалық сұрақтарына жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қамтамасыз ету үшін Қылмыстық кодекстің ережелеріне сүйену ;
- берген жауапқа сенімділігін көрсету үшін қылмыстық құқықтық ережелерді келтіре отырып жауабын негізделген түрде беру;
- қылмыстық істер бойынша сот-тергеу органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде келтірмеу.

**Емтихан өткізу ережелері.**

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студент келу парағында көрсетілген орынға отырады. Жазбаша емтиханға жауапты дайындау уақыты екі сағат. Жауапты дайындау кезінде заңдарды, оқулықтарды, дәріс материалдарын пайдалануға, өзге студенттерден сұрауға рұқсат етілмейді. Бұл ережелерді бұзған студент емтихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабақтың барлық түрлерінде (дәрістер, практикалық, СОӨЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.  
Жауапты дайындау уақыты- 2 сағат.

**Бағалау саясаты.** Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схемабойынша жүзеге асырылады:

- 1 сұрақ - 33 балл
- 2 сұрақ - 33 балл
- 3 сұрақ -34 балл.

**Емтиханды өткізу кестесі.**

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

Емтихан сұрақтары құрастырылған курс тақырыптарының тізімі:

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы және шет елдердің қазіргі қылмыстық құқығының қайнар көздері.
2. Қылмыстық заң және оның нормалары, құрылысы.
3. Қылмыстық жауаптылық, оның негізі.
4. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының түсінгі, түрлері және элементтері.
5. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлері және олардың белілері.
6. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі.
7. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы
8. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.
9. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі.
10. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.
11. Аяқталмаған қылмысты әрекеттер және олардың түрлері.
12. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылық және жауаптылық мәселелері.
13. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі және квалификация ережелері.
14. Жазаның түсінігі, белгілері және мақсаттары.
15. Жаза жүйесі.
16. Жаза тағайындаудың жалпы және арнайы мәселелері.
17. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату
18. Жаза мерзімдерін қосу және жаза мерзімін есептеу.
19. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері және сипаттамасы.
20. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктері.

## Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған.
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім : Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 2015.- 517.
3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. – Алматы: Жеті жарғы, 2015.
4. Әпенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 332 б.
5. ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.